

“АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ”
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ**

2014 ж. 9. 06 ЖҮРГІЗІЛДІ
КУӘЛІК № 13888-1801-АК
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2000 жыл 13.03
БСН 000340002165

“АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ”
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН
ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

2013 ж. 27. 05 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 000340002165
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2000 жыл 13.03
КУӘЛІК 13888-1801-АК

132

«ҚазТрансГаз» АҚ

Жалғыз акционерінің шешімімен

(«ҚазМұнайГаз» ҰҚ»

АҚ Директорлар Кеңес отырысының

2013 жылғы 15 сәуірдегі № 6/2013 хаттамасы)

БЕКІТІЛГЕН



**«ҚазТрансГаз»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қ., 2013 жыл

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ
АРҒЫ ЖАҒЫНА
ҚАРАҢЫЗ

1-БАП. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚТГ) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Қор туралы Заң) сәйкес «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) тобына кіреді және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі - Заңнама), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) және ҚТГ корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

2. ҚТГ әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

3. ҚТГ-ның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

4. ҚТГ-ның дербес теңгерімі, банктік шоттары, толық фирмалық атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі болады.

5. ҚТГ-ның өз тауарлық белгісі және оның ҚТГ-ның Басқармасымен бекітілетін өзге де нышаны, үлгілері болуы мүмкін және белгіленген тәртіппен тіркеледі, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде штамптары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері болады.

2-БАП. ҚТГ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ

6. ҚТГ-ның атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы – «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы, қысқаша – «ҚазТрансГаз» АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – акционерное общество «ҚазТрансГаз», қысқаша – АО «ҚазТрансГаз»;

ағылшын тіліндегі толық атауы – «KazTransGaz» Joint Stock Company, қысқаша - «KazTransGaz» JSC.

7. ҚТГ-ның (оның Басқармасының) орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Қонаев к., 12/1-үй.

8. ҚТГ қызметінің мерзімі – шектеусіз.

3-БАП. ҚТГ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ МЕН ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

9. ҚТГ-ның жалғыз акционері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

4-БАП. ҚТГ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

10. Осы Жарғы ҚТГ-ның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

5-БАП. ҚТГ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

12. ҚТГ-ның мақсаты – дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

13. ҚТГ қызметінің мәні:

1) газды құбыр желісімен, теңіз және темір жол көлігімен тасымалдауды қоса алғанда газ тасымалдау бойынша қызметтер көрсету;

2) жаңа технологияларды игеру және енгізу;

3) көмірсутегі шикізаты мен одан өңделген өнімдерді өткізу рыноктарына маркетингтік зерттеулер жүргізу;

4) газ секторын дамытудың мемлекеттік және ұлттық бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысу;

5) отандық кадрларды оқытуға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға бағытталған әр түрлі бағдарламаларды қолдау және қатысу;

6) газды тасымалдау және басқа да операциялар жөнінде келіссөздер жүргізу және шарттар жасасу;

7) сыртқы және ішкі нарықтарда газды сатып алу - сату;

8) газды сақтау объектілерін, газды сату мақсатында жүзеге асырылатын көліктің басқа да түрлеріне тиеу және ауыстырып тиеуді қоса алғанда Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде құбыр желісі жүйесін жобалау, қаржыландыру, салу, иелік ету және пайдалануды жүзеге асыру;

9) ғылыми-техникалық, өндірістік-шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

10) газ жобаларын дайындау және игеру бойынша консалтингтік және техникалық қызметтер көрсету;

11) электр және жылу қуатын өндіру, беру және бөлу;

12) өнеркәсіптік жарылғыш-өртке қауіпті және тау-кен өндірістерін, электр желілері мен шағын станцияларды, гидротехникалық құрылыстарды, магистральдық газ-мұнай өнімдері желілерін, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, түтіктер мен құбыр желілерін жобалау, салу және пайдалану, газ және мұнайға бұрғылау жұмыстары;

13) химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, тау-кен-шахта, металлургия, энергетикалық жабдықтарды, жарылыстан қорғалған электр-техникалық құрал-жабдықтарды, аппаратуралар мен бакылау жүйелерін, апатқа қарсы қорғану мен сигнализация, көтергіш

құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар, түтіктер мен құбыр жүйелерін жобалау, өндіру, құрастыру және жөндеу;

14) мұнай операцияларын, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу;

15) Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін және Жарғымен көзделген қызметпен технологиялық байланысты қызметті жүзеге асыру болып табылады.

16) Заңнамамен белгіленген тәртіпте алу қажет лицензияның немесе рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге де түрлерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

6-БАП. ҚТГ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14. ҚТГ-ның Заңнамамен көзделген барлық құқықтары мен барлық міндеттері бар.

15. ҚТГ Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке ие болады. ҚТГ Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапкершілік алмайды.

16. Жалғыз акционер ҚТГ-ның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялар құнының шегінде ҚТГ-ның қызметімен байланысты залалдар тәуекелдерін көтереді.

17. ҚТГ өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

18. ҚТГ өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасайды, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алады, сотта талапкер немесе жауапкер болады, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

19. ҚТГ күзет құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа да ақпаратты сатып алады және оларды иелену мен пайдалану құқығын бере алады.

20. ҚТГ Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдарын және өкілдіктерін құра алады, оларға меншік мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражаттарын бөліп, Заңнамаға сәйкес олардың қызмет тәртібін айқындай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы ҚТГ-ның балансында ескеріледі.

21. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылықты ҚТГ-ның Бас директоры (Басқарма төрағасы) тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдардың немесе өкілдіктердің басшылары ҚТГ берген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

22. ҚТГ өз бетінше өндірістік қызметті жоспарлаумен, қызметкерлерге еңбекақы төлеумен, материалдық-техникалық жабдықтаумен, әлеуметтік

дамытумен, кірісті бөлумен, кадрларды таңдау, қою және қайта даярлаумен байланысты барлық мәселелерді шешеді.

23. ҚТГ белгіленген тәртіппен банктерде және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде орналасқан басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық сияқты шетелдік валютада да шоттар ашуға құқылы.

24. ҚТГ зайымдар алуға және Заңнамаға сәйкес теңгеде және шетелдік валютада кредиттерді пайдалануға құқылы.

25. ҚТГ ішкі нормативтік және техникалық құжаттамаларды әзірлейді және бекітеді.

26. ҚТГ-ның Бас директоры (Басқарма төрағасы) ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің төрағасымен ҚТГ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) шетелдік іссапарларын келіседі және Директорлар кеңесінің төрағасын ҚТГ Басқармасы мүшелерінің шетелдік іссапарлары туралы хабарлайды.

27. ҚТГ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталықтандырылған ішкі аудит қызметіне ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің тиісті шешімі болған кезде, аудит барысында мәлім болған ҚТГ-ның құпиялы ақпаратын жарияламауды ескере отырып, барлық құжаттамаға, өндірістік және басқа да объектілерге және кез келген ақпаратқа, оның ішінде ҚТГ компаниялар тобының коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа шектеусіз қол жеткізуге рұқсат береді.

28. ҚТГ Заңнамамен және Жарғымен көзделген басқа құқықтарға ие болады және басқа да жауапкершіліктер алады.

7-БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

29. Жалғыз акционердің:

1) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен көзделген тәртіпте ҚТГ-ды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) ҚТГ-ның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде аффилирленген ұйымдар бөлігінде, құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, егер сұрау салуда өзге мерзімдер белгіленбеген болса, ҚТГ сұрауды алған сәттен бастап отыз күннен кешіктірмей ақпарат алуға, сондай-ақ Жалғыз акционермен немесе Жарғымен белгіленген тәртіпте ҚТГ-ның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) ҚТГ тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан ҚТГ-ның бағалы қағаздарына өзінің меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6) ҚТГ органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

7) АҚ туралы Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда сот органдарына ҚТГ-ға келтірілген шығындарды лауазымды тұлғалардың өтеуі және ҚТГ-ге лауазымды тұлғалардың және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының жасалауында мүдделілік бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы (жасауды ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) қайтаруы туралы талаппен өзінің атынан жүгінуге;

8) ҚТГ-ға оның қызметі туралы жазбаша сауалдар салу және белгіленген, бірақ сауал ҚТГ-ға келіп түскен күннен бастап көбінде отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) ҚТГ таратылған ретте мүліктің бір бөлігіне;

10) Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңмен белгіленген тәртіпте ҚТГ-ның акцияларын немесе оның акцияларына конверсияланатын басқа да бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға;

11) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін қосымша мәселелерді кіргізуді ұсынуға;

12) Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге;

13) аудиторлық ұйымның ҚТГ-ға аудит жүргізуін өз есебінен талап етуге;

14) оның құзыретіне жатқызылған мәселелердің қаралуына бастамашылық етуге құқылы.

30. Жалғыз акционердің Заңнамамен және/немесе Жарғымен көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

31. ҚТГ-ның Жалғыз акционері:

1) Заңнамамен және/немесе Жарғымен көзделген тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды тіркеушіге және нақты ұстаушыға ҚТГ акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) ҚТГ немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Заңнамаға сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

8-БАП. ҚТГ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

32. ҚТГ акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. ҚТГ-ның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногі туралы заңнамасымен айқындалады.

33. ҚТГ тек жай акцияларды ғана шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді. Жай акция сондай-ақ Жалғыз акционерге ҚТГ-да таза кіріс болған кезде дивидендтер және ол таратылған кезде Заңнамамен белгіленген тәртіпте оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

34. ҚТГ-ның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

35. ҚТГ өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін оларды жарияланған акциялар саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

36. Заңға және Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚТГ-ның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

37. ҚТГ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізуді ҚТГ-ның тіркеушісі жүзеге асырады.

38. ҚТГ-ның өзімен орналастырылған бағалы қағаздарды кепілге алуы:

1) кепілге беріліп жатқан бағалы қағаздардың толығымен төленгенгендігі;

2) ҚТГ-ға кепілге беріліп жатқан және онда кепілде болған акциялардың жалпы саны ҚТГ-мен сатып алынған акцияларды қоспағанда ҚТГ-ның орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспағанда;

3) акцияларды кепілге беру туралы шарт Жалғыз акционермен мақұлданған жағдайда ғана мүмкін.

9-БАП. ДИВИДЕНДТЕР

39. ҚТГ-мен Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес Жалғыз акционердің өзіне тиесілі акциялары бойынша төленетін Жалғыз акционердің табысы дивиденд болып табылады.

40. Дивидендтер төлеу ақшамен немесе ҚТГ-ның бағалы қағаздарымен төленеді. ҚТГ-ның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивиденттер төлеуге Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем ҚТГ-ның жарияланған акцияларымен және ол шығарған құнды қағаздармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

41. ҚТГ-ның акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың немесе тоқсанның немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша жүзеге асырылады, ҚТГ тиісті кезеңдегі қаржы есептілігінің аудитін өткізгеннен кейін.

42. ҚТГ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Дивидендтер Жалғыз акционер белгілеген мерзімде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған кезде төленеді.

43. Жалғыз акционер ҚТГ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді, оны шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде баспасөз басылымында міндетті түрде жариялаумен қоса қабылдауға құқылы.

44. ҚТГ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

45. ҚТГ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) ҚТГ-ның атауы, орналасқан жері, банкі және өзге деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеу басталатын күні;
- 5) дивидендтер төлеу тәртібі мен нысаны.

46. Жалғыз акционер ҚТГ-ның қарызы пайда болған мерзімге қарамастан алынбаған дивиденттерді төлеуді талап етуге құқылы.

Оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде дивиденттер төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі қайта қаржыландыратын ресми мөлшерлемеге қарай есептелетін дивиденттер мен өсімпұлдың негізгі сомасынан төленеді.

47. ҚТГ-ның акциялары бойынша дивидендтер төлеуге:

1) меншіктік капиталының теріс мөлшері болған ретте немесе егер ҚТГ-ның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс шығатын болғанда;

2) егер ҚТГ банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе, не көрсетілген белгілер ҚТГда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болған жағдайларда жол берілмейді.

10-БАП. ҚТГ ОРГАНДАРЫ

48. ҚТГ-ның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

ҚТГ қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды және ҚТГ қызметін жетілдіру

мақсатында консультация беруді Қор туралы Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес Жалғыз акционердің орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

11-БАП. ҚТГ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

49. Заңнамамен және ҚТГ-ның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер белгіленген тәртіпте Жалғыз акционермен қабылданады.

50. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға міндетті. Есепті кезең ішінде ҚТГ аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

51. Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындау ҚТГ-ның Басқармасымен, онымен жасалған шартқа сәйкес ҚТГ-ның тіркеушісімен, ҚТГ-ның Директорлар кеңесімен, жойылған жағдайда – ҚТГ-ның жою комиссиясымен жүзеге асырылады.

52. Заңнамамен Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді міндетті түрде шығару жағдайы көзделуі мүмкін.

53. Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаруға Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.

54. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелер жөніндегі шығыстарды Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, ҚТГ көтереді.

55. ҚТГ Жалғыз акционерінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

56. ҚТГ-ның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) ҚТГ-ға қосылма үлестестік қатыстығы туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

57. Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Жалғыз акционерге ұсынылуға тиіс материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) ҚТГ жылдық қаржы есептілігі, сондай-ақ ҚТГ жылдық есебі;

- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы ҚТГ-ның таза кірісін бөлу тәртібі және ҚТГ-ның бір жай акциясына шаққанда жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Жалғыз акционердің ҚТГ-ның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты өтініштер және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс жайлы жылдық есебі;
- 6) ҚТГ Жалғыз акционерінің қарауына мәселені енгізуге бастамашының қалауы бойынша өзге же құжаттар.

58. Жалғыз акционердің шешімдері ҚТГ-ның Басқармасының тұратын жерінде сақталуы және кез келген уақытта танысу үшін Жалғыз акционерге берілуі тиіс. Жалғыз акционердің талабы бойынша оған Жалғыз акционердің шешімінің көшірмесі беріледі.

12-БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

59. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) ҚТГ-ды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;
- 4) ҚТГ-ның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе ҚТГ-ның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру (сату), соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастырудың (сатудың) әдісі мен бағасы туралы шешімді қабылдау;
- 6) ҚТГ бағалы қағаздарының айырбасталуы, сондай-ақ олардың өзгеру шарттары мен тәртібін анықтау;
- 7) ҚТГ-ның жай акциясына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) бір түрлі орналастырылған акцияларды басқа түрлі акцияға ауыстыру туралы шешімдер қабылдау, осындай ауыстырудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 9) белгіленген тәртіпте ҚТГ-ның қаржылық есептілігіне аудитін жүзеге асырушы аудитор ұйымды және оның қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін айқындау;
- 10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, олардың өз міндеттерін орындағаны үшін Директорлар

кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен шығыстарының өтемақысын төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;

11) атқарылған жұмыс туралы Директорлар кеңесінің жылдық есебін бекіту;

12) ҚТГ жылдық жеке қаржы есептілігі мен ҚТГ жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін, сондай-ақ ҚТГ жылдық есебін бекіту;

13) ҚТГ-ның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және ҚТГ-ның бір жай акциясына шаққанда дивидендтің мөлшерін бекіту;

14) бөлінбеген пайданы бөлу;

15) ҚТГ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

16) ҚТГ акцияларына ерікті түрде делистинг жасау туралы шешім қабылдау;

17) сомасы ҚТГ-ға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың құрылуы мен қызметінде не қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуда ҚТГ-ның қатысуы туралы шешім қабылдау;

18) «алтын акцияны» енгізу және жою;

19) әдістемені және Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта оларды ҚТГ сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту;

20) ҚТГ-ның Бас директорын (Басқарма төрағасын) тағайындау және оның өкілеттіктерін және онымен жасалған еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

21) дивиденттік саясатты бекіту;

22) Жалғыз акционерге ҚТГ-ның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін айқындау, соның ішінде Заңнамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу;

23) олар бойынша шешімнің қабылдануы Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

60. Олар бойынша шешімнің қабылдануы Жарғының 59-тармағымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер Заңнамамен өзгесі көзделмесе, ҚТГ-ның басқа органдарының, лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

61. Жалғыз акционер ҚТГ-ның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

13-БАП. ҚТГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

62. Директорлар кеңесі Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне және ҚТГ Басқармасының құзыретіне

жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, ҚТГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы Жарғыда белгіленген тәртіпте қабылданады.

63. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында ҚТГ қызметіне жалпы басшылықтың жүзеге асырылуына жауапты болады.

64. Директорлар кеңесі жылдың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі туралы ережемен көзделген тәртіпте Жалғыз акционерге орындалған жұмыс жайлы есеп береді.

65. Жалғыз акционердің шешімі бойынша мемлекеттік қызметкер болмаған ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олармен өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленуі және/немесе олардың ҚТГ Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын орындауымен байланысты шығындары өтелуі мүмкін. Осындай сыйақы мен өтемдердің мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

66. Егер Заңмен өзгелер белгіленбеген болса, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) ҚТГ қызметінің басым бағыттарын айқындау және ҚТГ-ның даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ ҚТГ-ның даму стратегиясын іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

2) ҚТГ корпоративтік басқару кодексін, оған өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау және бекіту үшін Жалғыз акционерге енгізу;

3) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

4) мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару;

5) ҚТГ-ның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағалары туралы шешім қабылдау;

6) ҚТГ жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту, ҚТГ Жалғыз акционеріне өткен қаржылық жылдағы ҚТГ таза кірісін бөлу тәртібі және ҚТГ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды енгізу;

7) ҚТГ-ның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту және ҚТГ Директорлар кеңесінің жылдық есебін мақұлдау;

8) ҚТГ-ның облигацияларын және туынды бағалы қағаздар шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

9) ҚТГ Басқармасының және ҚТГ Бас директорының (Басқарма төрағасының) сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, ҚТГ Басқармасының мүшелерін сайлау (тағайындау), олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Қордың саясатын ескеріп, ҚТГ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) және оның Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақы

мөлшерлерін және оларға еңбекақы мен сыйақы төлеу және әлеуметтік қолдау мөлшерлерін айқындау;

11) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комиттер мүшелерін сайлау;

12) ҚТГ қызметкерлерінің жалпы санын, орталық аппараттың құрылымын бекіту;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қордың саясатын ескере отырып корпоративтік хатшының еңбекақы мен сыйақы төлеу және әлеуметтік қолдау мөлшерлерін айқындау;

14) ҚТГ-ның омбудсменін тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;

15) Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарының аукциондары мен жазылымдарын жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің, корпоративтік хатшының және әкімшілік персоналдың лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

16) ҚТГ міндеттемелерін ҚТГ-ның меншік капитал мөлшерінің он және одан көп процентін құрайтын көлемде көбейту;

17) ҚТГ-ның филиалдар мен өкілдіктер құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

18) заңды тұлғаларды құру туралы (құруға қатысу туралы) шешім қабылдау;

19) ҚТГ-ның өзге заңды тұлғалар акцияларының он және одан көп процентін (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешімді қабылдау;

20) Заңнамаға сәйкес ҚТГ-мен ірі мәмілелерді және жасалуында ҚТГ-ның мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;

21) Жалғыз акционер белгілеген тәртіппен ҚТГ-ның қаржы-шаруашылық қызметінің шоғырландырылған бизнес-жоспарын бекіту, оған түзетулерді бекіту, сондай-ақ оны іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

22) ҚТГ Басқармасының мүшелері үшін қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қойылымдық мақсаттарын бекіту;

23) Директорлар кеңесі мүшелерінің ҚТГ-ның қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық ақпаратты алудың тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

24) ҚТГ-ның есепке алу саясатын және салықтық есепке алу саясатын бекіту;

25) оның акцияларының он және одан көп пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) ҚТГ-ға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің

(қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

26) ҚТГ-ның жалпы тәуекел-аппетитін, ҚТГ-ның әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейін бекіту және қабылдайтын тәуекелдер деңгейін шектеу үшін лимиттер белгілеу;

27) ҚТГ-ның тәуекелдерінің тізілімі мен картасын бекіту;

28) бірлесіп атқару жұмыстарын ҚТГ Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда келісуі;

29) төменгі экономикалық тиімділігімен қоса Қазақстан Республикасы үшін әлеуметтік маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру шарттарын айқындау;

30) ҚТГ-ның активтерін және ҚТГ тікелей немесе жанама иелік ететін (қайта құрылымдау, қайта құру, жою, сатып алу және/немесе иеліктен шығару, сенімді басқаруға беру, ауыртпалық салу/ жасау мәселелерін қоса, бірақ осымен шектелмей) заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) басқару мәселелерін регламенттейтін құжатты бекіту, оны іске асыру мониторингі, сондай-ақ кезеңділік негізде көрсетілген құжатты қайта қарау;

31) Тағайындау ҚТГ Директорлар кеңесінің келісуіне жататын ҚТГ басшы қызметкерлерінің тізбесін анықтау;

32) ҚТГ тобында корпоративтік басқаруды дамыту мониторингі;

33) ҚТГ қызметінің түйінді көрсеткіштерін, олардың негізгі, нысаналы мәндерін және шақырту мәндерін бекіту, сондай-ақ ҚТГ қызметінің негізгі, нысаналы мәндеріне немесе түйінді көрсеткіштері мәндеріне қол жеткізуді мониторингілеуді жүзеге асыру;

34) ҚТГ-ның қызметтік жеңіл автокөліктерінің болу нормативтерін және әкімшілік аппаратын орналастыру үшін аудандар нормасын айқындау;

35) қызметтік іссапарға жіберілетін ҚТГ қызметкерлерінің шығыстарын өтеудің тәртібі мен шарттарын айқындау;

36) қызметкерлерге мобильдік байланысты пайдалану құқығын беру кезінде ҚТГ қаражаты есебінен өтелетін шығыстар лимиттерін, өкілдік шығыстар лимиттерін белгілеу;

37) ҚТГ-ның айқындылығы мен ақпаратты ашу үдерісінің тиімділігін қарау;

38) ҚТГ акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәмлениң мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалаушының қызметтерін ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

39) Жалғыз акционердің саясатын ескере отырып, ҚТГ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесін бекітеді;

40) тәуекелдері басқару және ішкі бақылау жөніндегі сыртқы және ішкі аудиторлардың, ҚМГ-ҚМ есептерін қарау және бағалау;

41) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі қызметінің тиімділігі туралы шешім қабылдау;

42) ҚМГ-ҚМ туралы немесе қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы ақпаратты белгілеу;

43) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша қызметіне жатпайтын өзге де мәселелер, соның ішінде ҚТГ Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер және (немесе) Қор бекіткен құжаттармен ҚТГ Директорлар кеңесінің құзырына жатқызылған мәселер.

67. ҚТГ-ның Директорлар кеңесі:

1) лауазымдық тұлғалардың және Жалғыз акционердің деңгейінде әлеуетті дау-дамайларды, оның ішінде ҚТГ меншігін заңсыз пайдалануды және оны жасасуда мүдделілік танытқан мәмлелерді жасасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жоюға;

2) ҚТГда корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

68. Тізбесі Жарғының 66-тармағымен белгіленген мәселелер ҚТГ Басқармасына шешім қабылдау үшін берілуі мүмкін емес.

Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес ҚТГ Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

69. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға (тағайындалуға) ұсынылған тұлғалардың санынан;

2) өзге тұлғалардан (осы Жарғының 70-тармағымен белгіленген шектеуді есепке ала отырып) сайланады.

70. Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған және ҚТГ-ның акционері болып табылмайтын жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы (тағайындалуы) мүмкін. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

71. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар Жалғыз акционер мен ҚТГ мүдделері үшін өзінің міндеттерін орындауы үшін және барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруы үшін қажетті іскерлік және салалық ортадағы тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімдерге, біліктілікке, оң жетістіктер мен мінсіз атаққа ие болуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына мына тұлға сайлана алмайды:

заңнамада белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе жойылмаған соттылыққа ие адам;

белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу, немес консервациялау туралы

шешім қабылданғанға дейін көбінде бір жыл бұрын басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған адам. Аталған талап белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу, немес консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жылдың ішінде қолданылады.

72. ҚТГ-ның Басқарма мүшелері, Бас директордан (Басқарма төрағасынан) басқа Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін емес. Бас директор (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлануы мүмкін емес.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны алты адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор екендігі көрсетілуі тиіс.

73. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 жылды құрайды. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлауды жүргізетін шешім қабылдаған сәтіне өтеді. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан асатын мерзімге кез келген тұлғаны сайлау мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы түрде жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуы тиіс. Бір адам Директорлар кеңесіне қатарынан 7 жылдан астам уақытқа сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда қатарынан 7 жылдан асатын мерзімге сайлауға жол беріледі, алайда бұл ретте осы адам Директорлар кеңесіне жыл сайын сайлануы тиіс.

ҚТГ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлаудың негізінде Жалғыз акционермен жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционермен Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда соңғының өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттігімен бір уақытта бітеді.

74. Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады (тағайындалады).

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесіне басшылық жасауға жауап береді және оның тиімді жұмысын қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
3) ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

4) отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және Директорлар кеңесі мүшелерінің және ҚТГ Басқармасының арасындағы сындарлы қатынасты қамтамасыз етеді;

6) Жалғыз акционермен тиімді байланысты және жалпы Директорлар кеңесіне дейін Жалғыз акционердің көзқарасын жеткізуді қамтамасыз ету;

7) Жалғыз акционермен ҚТГ-ның даму стратегиясын талқылауды қамтамасыз ету;

8) Директорлар кеңесінің нақты және айқын ақпаратты уақытылы алуын қамтамасыз ету;

9) жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелеріне лауазымына кірісу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз ету;

10) ҚТГ-ның атынан Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы көлемін, еңбекақы шарттарын және әлеуметтік қолдауды белгілеп, ҚТГ-ның Бас директорымен (Басқарма төрағасымен) еңбек шартын жасасады. Бұл ретте аталған еңбек шартында ҚТГ-ның Директорлар кеңесімен бекітілген басты қызмет көрсеткіштеріне жетуіне материалдық көтермелеудің тікелей тәуелділігі қарастырылуы тиіс.

11) жыл сайын ҚТГ-ның Жалғыз акционеріне Директорлар кеңесі және ҚТГ Басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды;

12) Заңнамамен және Жарғымен көзделген өзге де функцияларды орындайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған кезде Директорлар кеңесінің шешімі бойынша оның қызметін Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

75. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе ҚТГ Басқармасы төрағасының бастамасы бойынша немесе:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) ҚТГ-ның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

3) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

76. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібі берілген тиісті жазбаша хабарлама арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырыс шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Директорлар кеңесін шақыруға міндетті ҚТГ-ның Басқармасына жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысы отырысты шақыру туралы талап келіп түскеннен кейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе ҚТГ-ның Басқармасымен шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жолдау тәртібі Директорлар кеңесімен белгіленеді.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күніне дейін кемінде жеті жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Жасалуында ҚТГ-ның мүддесі бар ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәмле туралы ақпарат мәмілелер тараптары, мәмлени орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (АҚ туралы Заңның 69-бабының 1-тармағымен көзделген жағдайда) қамтуы тиіс.

ҚТГ-мен мәмілелер жасасуға мүдделі тұлғалар жазбаша нысанда Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті. Аталған ақпарат Директорлар кеңесіне жолданатын материалдарға қоса беріледі.

ҚТГ-мен мәмілелер жасасуға мүдделі, ҚТГ-ның лауазымды тұлғалары болып табылатын тұлғалар отырысты бетпе-бет тәртіпте өткізген кезде аталған ақпарат корпоративтік хатшы арқылы Директорлар кеңесінің отырысын өткізгенге дейін ұсынылады.

Көрсетілген мәліметтер ҚТГ-мен мәмілелер жасасуға мүдделі, ҚТГ-ның лауазымды тұлғалары болып табылатын тұлғалармен отырысты бетпе-бет тәртіпте өткізген кезде бюллетеньдерде тиісті ақпарат көрсетіле отырып ұсынылады.

Сырттай тәртіпте Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламаға сонымен қатар сырттай дауыс беру үшін бюллетень қоса беріледі, ол бірыңғай нысанда барлық Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень:

- 1) ҚТГ-ның (оның Басқармасының) атау мен орналасқан жері;
- 2) Корпоративтік хатшыға қол қойылған бюллетеньді ұсыну күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберу кезінде корпоративтік хатшы олардың дұрыс және біркелкі жасалғандығын өзінің қолымен куәландырады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің отырысқа қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша мәлімет жолдау арқылы дауыс бере алатындығы туралы түсіндірме болуы тиіс.

77. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интербелсенді аудиовизуалдық байланыс), конференцбайланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің бір уақытта «телефон мәжілісі» режимінде сөйлесуі), сондай-ақ байланыстың өзге түрлерін пайдалану арқылы қатысуы мүмкін. Осындай отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің ҚТГ Директорлар кеңесінің мәжілісінде қатысу мүмкіншілігі жоқ екендігі туралы Басқарманы, Директорлар кеңесінің Төрағасын және Корпоративтік хатшыны алдын-ала хабардар етуге міндетті. Мәжілісте болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша мәлімет жолдау арқылы дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша жазбаша мәліметте:

- 1) толтыру мерзімі;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша мәлімет жолдау арқылы пікірі білдірілетін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты көрсетілген ұстанымы;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің ұйғаруы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге деректер.

Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша ұсынылған жазбаша мәліметі кворум және дауыс беру қорытындыларын санағанда есепке алынады және Директорлар кеңесінің аталған мүшесі күн тәртібі бойынша жазбаша мәлімет жолдау арқылы дауыс бергендігі туралы жазба жасалатын отырыс хаттамасына тігіледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібі бойынша жазбаша мәліметі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін ұсынылуы тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша жазбаша мәлімет ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

78. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысын құрайды және бейнеконференцияның (интербелсенді аудиовизуалдық байланыс), конференцбайланыстың (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір уақытта сөйлесуі), өзге де байланыс құралдарының пайдаланылуын ескере отырып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерін ескере отырып (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болғанда), белгіленеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны аталған кворумға жеткіліксіз болған жағдайда Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) жөніндегі мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

Осы Жарғының 66-тармағы 1), 6), 7), 9-13), 20-22) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екі бөлігін құрайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысында тәуелсіз директорлардың көпшілігі қатысуы тиіс.

Осы тармақтың алдыңғы абзацында айқындалған кворумға қол жеткізу үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жеткіліксіз болған жағдайда көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелер қайта қаралғанда кворумға және тәуелсіз директорлардың санына қойылатын талаптар қолданылмайды.

79. Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысы бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер өзгесі Заңнамамен немесе Жарғымен көзделмесе, отырыста қатысып отырған мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болғанда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, онда Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе ҚТГ-ның Директорлар кеңесімен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі Заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіпті ҚТГ-ның Директорлар кеңесімен бұза отырып қабылдаған шешіммен сот тәртібінде келіспеуге құқылы.

Заңның және Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің шешімін Жалғыз акционер сот тәртібінде келіспеуге құқылы.

80. Жасалуында ҚТГ-ның мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім Директорлар кеңесінің ол мәмілелерді жасауда мүдделі емес мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлардан басқа барлық мүшелерінің аталған мәміленің жасалуында мүддесі болған жағдайда шешім тәуелсіз директорлар дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда жасалуында ҚТГ-ның мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім Жалғыз акционермен қабылданады.

Қордың Директорлар кеңесі жасалуында ҚТГ-ның мүддесі бар ірі мәмілелер мен мәмілелерді ҚТГ-ның өзгеше жасасу тәртібін белгілей алады.

81. ҚТГ-ның Директорлар кеңесі төрағасының ұйғаруымен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл ретте, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабралмалармен қоса жолданатын бюллетендер қолданылады.

Осы Жарғының 66-тармағының 1), 6), 7), 9-13), 20-22) тармақшаларымен белгіленген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылданбауы тиіс.

Сырттай отырыста мәселені қарауда Директорлар кеңесінің ең болмаса бір мүшесі қарсылық білдірген жағдайда мәселе кезекті бетпе-бет отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

Сырттай дауыс беру арқылы алынған шешім бюллетеньдерде белгіленген мерзімде алынған кворум болған кезде қабылданды деп саналады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесі мүшесімен қол қойылуы тиіс. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша ресімделіп, корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қойып ресімделуі, сондай-ақ мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) ҚТГ-ның (оның Басқармасының) атауы мен орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыстың шешімі жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырушы тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/ болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 8) өзге деректер болуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күннің ішінде олардың негізінде аталған шешім қабылданған бюллетендерді қоса бере отырып ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы тиіс.

82. Күндізгі тәртіпте өткізілген оның отырысында қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күннің ішінде Директорлар кеңесінің мүшелерімен және корпоративтік хатшымен жасалып, қол қойылуы тиіс және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) ҚТГ-ның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізілетін күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;

7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабар жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруі туралы жазба (осындай жазбаша хабардың бар жағдайында);

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетендер ҚТГ мұрағатында сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін танысу үшін беруге және (немесе) хаттама мен шешімнен ҚТГ-ның өкілетті қызметкерімен және ҚТГ мөрімен расталған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

83. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен ҚТГ-да Директорлар кеңесінің:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы төлеу;
- 3) әлеуметтік мәселелер;

ҚТГ-ның ішкі құжаттарымен көзделген өзге мәселелер жөніндегі комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитеттегі жұмыс үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тек тәуелсіз директорлар ғана осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген Директорлар кеңес комитеттерінің басшылары (төрағалары) бола алады. ҚТГ Бас директоры (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастырудың және оның жұмысының тәртібі, сонымен қатар олардың сандық құрамы ҚТГ Директорлар кеңесі бекітетін ҚТГ ішкі құжатымен белгіленеді.

14-БАП. ҚТГ БАСҚАРМАСЫ

84. Ағымдағы қызметке басшылық ҚТГ-ның Басқармасымен жүзеге асырылады. ҚТГ-ның Басқармасын Бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма Заңнамамен және Жарғымен басқа органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылмаған ҚТГ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен ҚТГ-ның өзге де органдарының, ҚТГ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының)

құзыретіне жатқызылған мәмлелерді қоспағанда ҚТГ-мен жасалған мәмлелер туралы шешімдер қабылдайды;

2) Қор айқындаған тәртіппен оларды жасасуда ҚТГ мүделлік танытатын мәмлелерді «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін заңды тұлғалармен жасасу туралы шешімдер қабылдайды;

3) оның меншік капиталы мөлшерінен бірден он пайызға дейінгіні құрайтын шамаға қатысты ҚТГ-ның міндеттемелерін арттыру туралы шешімдер қабылдайды;

4) олардың құзыретіне сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына басқа ұйымдарды құруға ҚТГ-ның қатысуы туралы, сондай-ақ Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің шешімдерінің негізінде сатып алынған үлестер мен акцияларды иеліктен шығару туралы ұсыныстар енгізеді;

5) басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің) он пайызға дейінгі мөлшерін ҚТГ-ның сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешімдер қабылдайды;

6) ҚТГ-ның шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін мақұлдайды;

7) Қазақстан Республикасының аумағында ҚТГ-ның филиалдарын, өкілеттіктерін ашу және жабу туралы шешімдер қабылдайды, сондай-ақ олар туралы ережені бекітеді;

8) филиалдар мен өкілеттіктердің, сондай-ақ еншілес ұйымдар мен тәуелді ҚТГ-дардың жұмысын үйлестіреді;

9) Директорлар кеңесімен бекітілген ҚТГ орталық аппаратының қызметкерлерінің жалпы санының шегінде штаттық кестені бекітеді, сондай-ақ оның филиалдары мен өкілдіктерінің жалпы санын, құрылымын және штаттық кестесін бекітеді;

10) ҚТГ-ның барлық қызметкерінің орындауы үшін міндетті шешімдер шығарады және тапсырма береді;

11) ҚТГ-ның Директорлар кеңесімен бекітілетін құжаттардың тізбесіне кірмейтін ҚТГ қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

12) ҚТГ-ның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

13) белгіленген тәртіппен ҚТГ-ның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдайды;

14) акционердің (қатысушының) құқықтарын ҚТГ жүзеге асырған кездегі құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекет ету тәртібін айқындайды;

15) даму стратегиясы жобаларын, ҚТГ-ның қаржы-шаруашылық қызметінің шоғырландырылған бизнес-жоспарын әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;

16) даму стратегиясын, ҚТГ-ның қаржы-шаруашылық қызметінің шоғырландырылған бизнес-жоспарын іске асырады, оларды орындау үшін

жауапты болады, сондай-ақ даму стратегиясын, ҚТГ-ның қаржы-шаруашылық қызметінің шоғырландырылған бизнес-жоспарын іске асыру туралы есептерді жыл сайын Директорлар кеңесіне ұсынады;

17) ҚТГ және оның еншілес ұйымдарының, тәуелді акционерлік қоғамдарының және бірлесе бақыланатын ұйымдарының шоғырландырылған Бизнес-жоспарын әзірлеу, келісу, бекіту, орындау, түзету және мониторингілеу қағидасын бекітеді және ҚТГ және оның еншілес ұйымдарының, тәуелді акционерлік қоғамдарының және бірлесе бақыланатын ұйымдарының жеке және шоғырландырылған Бизнес-жоспарларының орындалуы үшін жауапкершілік арқалайды;

18) ҚТГ-да бухгалтерлік есепті ұйымдастырады, Заңнамамен белгіленген нормалар шегінде, бірақ олардан жоғары емес нормада амортизациялық норманы белгілейді;

19) Жалғыз акционерге жоспарланған жылдың алдындағы жылдың жиыrmасыншы наурызына дейін ҚТГ-ның акциялары бойынша дивиденттер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады;

20) ҚТГ-ның жылдық есебінің жобасын Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне енгізеді;

21) ҚТГ-ның есеп саясаты мен салық есеп саясатын әзірлеуді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынуды қамтамсыз етеді;

22) ҚТГ-ның Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі құжаттарды қоспағанда тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

23) тәуекел-аппетит деңгейінің сақталуына және ҚТГ-дағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне жауапкершілік алады;

24) Директорлар кеңесін ҚТГ-ның негізгі тәуекелінің жай-күйі туралы уақытылы хабардар етеді;

25) ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің шешімдерінің, ішкі құжаттармен айқындалған тәртіппен ҚТГ-ның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсыныстарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

26) ҚТГ-ның меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді тудыратын себептер мен шартарды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

27) ҚТГ-ның Жарғысымен белгіленген тәртіпте Жалғыз акционерге ҚТГ-ның қызметі туралы ақпаратты ұсынады;

28) ҚТГ қызметкерлерін оқытуға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

29) Жалғыз акционердің қарауы үшін шешімдер қабылдау оның құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі құжаттарды дайындайды;

30) Жарғының 66-тармағының 15) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, ҚТГ ішкі нормативтік құжаттарын бекіту тәртібін белгілейді;

31) қажет болған жағдайда ҚТГ-ның Басқармасының жанындағы комитеттерді құрады, қысқартады және олар туралы ережені бекітеді;

32) ҚТГ қызметінің Заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

33) ҚТГ қызметкерлерінің жалпы саны, орталық аппараттың құрылымы бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

34) олар бойынша шешім қабылдау ҚТГ Жалғыз акционерінің немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала мақұлдайды;

35) ҚТГ Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын ҚТГ қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

85. ҚТГ-ның Басқармасы оларға жүктелген функциялар орындалған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшелеріне ҚТГ-ның қызметі туралы, оның ішінде Директорлар кеңесі айқындаған тәртіппен құпия деген сипаты бар және сұрауды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмейтін мерзімде аппаратты уақытылы ұсынуды қамтамсыз етеді.

86. ҚТГ Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде ҚТГ Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

ҚТГ-ның Басқармасы Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың ҚТГ белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, ҚТГ өзінің Басқармасы осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамды екенін даулауға құқылы.

87. ҚТГ Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақырту және өткізу тәртібін, сондай-ақ ҚТГ Басқармасының өзге де өкілеттері Директорлар кеңесі бекітетін ҚТГ Басқармасы туралы ережемен айқындалады.

88. ҚТГ Басқармасының мүшелері ретінде Жалғыз акционердің өкілдері және Жалғыз акционердің өкілдері болып табылмайтын ҚТГ қызметкерлері болуы мүмкін. ҚТГ Басқармасы мүшесінің тиісті еңбек тәжірибесі, білімі, мамандық біліктілігі және іскерлік беделі болуы керек.

Басқарма төрағасын қоспағанда, ҚТГ Басқармасы мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтағанда және Директорлар кеңесі жаңа Басқарма мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда, соңғының өкілеттігі жалпы ҚТГ Басқармасы өкілеттігінің мерзімі өткен кезде біруақытта өтеді.

Басқарма мүшесі ҚТГ Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Бас директор (Басқарма төрағасы) атқарушы органның немесе атқарушы органның міндетін жеке жүзеге асыратын тұлғаның, өзге заңды тұлғаның басшысы лауазымына орналасуға құқылы емес.

Басқарма мүшесінің қызметі, құқықтары мен міндеттері Заңнамамен, Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ көрсетілген адамның ҚТГ-мен жасайтын еңбек шартымен айқындалады. ҚТГ атынан Бас директормен (Басқарма төрағасымен) жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Жалғыз акционер уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына ҚТГ-ның Бас директоры (Басқарма төрағасы) қол қояды.

Бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, Басқарма мүшесі болып табылатын (егер оның лауазымы ҚТГ Басқармасында мүшелікпен тікелей байланысты болса) ҚТГ қызметкерімен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 54-бабымен көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен тоқтату Директорлар кеңесінің келісімімен жүзеге асырылады.

Басқарма мүшесі болып табылатын (егер оның лауазымы ҚТГ Басқармасында мүшелікпен тікелей байланысты болса) ҚТГ қызметкерімен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 27-бөлімімен көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен тоқтату Директорлар кеңесінің тиісті шешімнің негізінде, ал Бас директормен (Басқарма төрағасымен) – Жалғыз акционер шешімінің негізінде Жарғының нормаларын ескере отырып жүзеге асырылады.

89. ҚТГ Басқармасы мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адам болуы тиіс.

90. Егер онда ҚТГ Басқармасы мүшесінің кемінде жартысынан көбі қатысатын болса, оның ішінде отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша түрде дауыс берген ҚТГ Басқармасының жоқ мүшелері болса отырыс нақты деп саналады.

ҚТГ Басқармасының мүшесі ҚТГ-ның Бас директорын (Басқарма төрағасын) ҚТГ Басқармасының отырысына өзінің қатыса алмайтындығы туралы ерте хабардар етуге міндетті. Отырыста жоқ болған ҚТГ Басқармасының мүшесі жазбаша хабарлама арқылы ҚТГ Басқармасы отырысының күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс беруге құқылы.

Көрсетілген жазбаша хабарламаның мазмұны, оны ұсыну тәртібі және онда айтылған дауысты есепке алу ҚТГ Басқармасы туралы ережеде айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

ҚТГ Басқармасының сырттай отырыстарын өткізу айырықша жағдайларда және ҚТГ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) не пікірталас сипаттағы мәселелер бойынша оны алмастыратын тұлғаның шешімі бойынша ғана рұқсат етіледі.

Мәселені сырттай отырыста қарауға ҚТГ Басқармасының ең болмаса бір мүшесі қарсы болған жағдайда мәселе кезекті күндізгі отырыстың күн тәртібіне енгізілетін болады.

91. ҚТГ Басқарманың шешімдері отырысқа қатысқан немесе жазбаша хабарлама ұсынған ҚТГ Басқармасы мүшелерінің көпшілік дауысымен.

Дауыстар тең болған жағдайда ҚТГ-ның Бас директоры (Басқарма төрағасы) дауыс берген шешім қабылданады.

ҚТГ Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыста ҚТГ Басқармасы мүшелерінің барлық қатысушыларымен қол қойылуы тиіс және дауыс беруге шығарылған мәселелерді, әрбір мәселе бойынша ҚТГ Басқармасының әрқайсысының дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып олар бойынша дауыс беру қорытындыларын қамтуы тиіс.

92. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шұғыл шешімдер қабылдау мақсатында ҚТГда ҚТГ Басқармасының жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін. Тәуекелдер жөніндегі комитетті қалыптастыру және жұмыс тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы ҚТГ Басқармасы бекітетін ҚТГ-ның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

ҚТГ Басқармасы ҚТГ Басқармасының жанынан өзге де комитеттер (комиссиялар) құруға құқылы.

93. ҚТГ-ның Бас директоры (Басқарма төрағасы):

1) ҚТГ-ның Басқармасын басқарады;
2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда ҚТГ-ның атынан шарттарға, кепілдемелерге қол қояды қоса алғанда сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Жарғының осы тармағының 5) тармақшасында көрсетілген мәмлелерді жасасу құқығын қоса алғанда ҚТГ-ның үшінші тұлғалармен қатынастарында оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

5) мүліктік емес сипаттағы мәмлелерді жасасады, олардың нәтижесінде ҚТГ-ның меншік капиталы мөлшерінің 2 пайызға дейінгісін құрайтын мүлік ҚТГ-мен сатып алынады немесе иеліктен шығарылады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін);

6) Акционердің (оның ішінде ірі акционердің), Заңнамамен және Жарғымен өзге де органдардың құзыретіне жатқызылған құқықтарды қоспағанда олардың акциялар пакеті немесе қатысу үлестері ҚТГ-ға тиесілі заңды тұлғалардың қатысушы құқығын жүзеге асырады;

7) ҚТГ қызметкерлерін Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар тағайындайды, ҚТГ-ның штат кестесіне сәйкес ҚТГ қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін белгілейді, Басқарманың құрамына кіретін қызметкерлерді және корпоративтік хатшыны қоспағанда, ҚТГ қызметкерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін айқындайды;

8) өзі жоқ болған жағдайда өз міндеттерін орындауды бұйрықтың негізінде ҚТГ Басқармасының бір мүшесіне жүктейді;

9) ҚТГ Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерін, сондай-ақ өкілеттіктері мен жауапкершіліктер аясын бөледі;

10) ҚТГ-ның жұмыс режимін белгілейді;

11) ҚТГ-ның ағымдағы және келешектегі жоспарлары мен бағдарламаларының – жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің алдында ҚТГ-ның жұмысы үшін жауапты болады;

13) ҚТГ-ның банктік және басқа да шоттарын ашады;

14) құзыретінің шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

15) ҚТГ Басқармасының отырыстарын шақырады және Басқарма мүшелеріне отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша қажетті материалдарды ұсынуды ұйымдастырады;

16) ҚТГ Басқармасымен айқындалатын тәртіпте құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді қоса алғанда ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді;

17) ҚТГ-ның атынан жыл сайынғы аудит өткізуге аудиторлық ұйыммен шарт жасасады;

18) қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және ҚТГ-ның өзге де саясатын іске асыруды қоса алғанда, ҚТГ-ның операциялық қызметі бойынша жұмысты ұйымдастырады;

19) ҚТГ қызметіндегі барлық маңызды жағдайлар туралы директорлар кеңесін хабардар етеді;

20) ҚТГ-ның кадрлық саясатын іске асырады, оның ішінде еңбек тәртіптемесі қағидасын бекітеді;

21) ҚТГ-ның ағымдағы қызметіне қатысты, ҚТГ Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ ҚТГ Басқармасының құзыретіне жатпайтын міндеттерді орындау үшін қажет болған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

94. ҚТГ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) шешімі бойынша ҚТГ Басқармасының мүшелеріне белгіленген тәртіппен ҚТГ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) қандай да бір өкілеттіктері берілуі мүмкін. Басшы қызметкерлердің саны ҚТГ-ның ішкі құжаттарымен айқындалады.

15-БАП. ҚТГ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

95. ҚТГ-ның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің және ҚТГ Басқармасының мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және ҚТГ мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде қорғайтын әдістерді пайдаланады;

2) ҚТГ-ның мүлкін пайдаланбауға, немесе оны Жарғыға және ҚТГ Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ жеке мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің қосылма үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) ҚТГ-ның қызметі туралы ақпараттың Заңнама талаптарына сәйкес ашылуын және берілуін бақылайды;

5) ҚТГ-ның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде ҚТГдағы қызметін тоқтатқан кезден бастап үш жылдың ішінде, егер ҚТГ-ның ішкі құжаттарымен өзге белгіленбеген болса, сақтауға міндетті.

ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Заңнаманың, Жарғының және ҚТГ-ның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ҚТГ-ның және оның Жалғыз акционерінің мүдделерінде хабардар болу, айқындық негізінде әреке етуі;

2) Жалғыз акционерге адал болуға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір шығаруға тиіс.

ҚТГ Басқармасының мүшелері залалдың алдын алу, ҚТГ-ның қызметін ҚТГ Басқармасының отырысын шақырту бастамасын көтеру, ҚТГ-ның Бас директорын (Басқарма төрағасын) хабардар ету жолымен немесе өзге де қол жетімді тәсілмен оңтайландыру үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

ҚТГ Басқармасының мүшелері ҚТГ-ның Бас директорын (Басқарма төрағасын) олар жетекшілік ететін мәселелер бойынша істің жай-күйі туралы хабардар етеді.

96. ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшелері Заңнаманың, ҚТГ Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, ҚТГ және Жалғыз акционердің мүддесінде, хабардарлық, ашықтық негізінде әрекет етуі тиіс.

97. ҚТГ лауазымды тұлғалары өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен), соның ішінде мыналардың, бірақ мұнымен шектелмей:

1) кателестіретін ақпаратты немесе көрінеу жалған ақпаратты беру;

2) АҚ туралы Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жөнсіз әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздігінің нәтижесінде, оның ішінде олардың не болмаса үлестес тұлғаларының ҚТГ-мен осындай мәміле жасау нәтижесінде пайда алуы мақсатында, ҚТГ шығынға ұшыраған жасалуында мүдделілік бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасауды ұсыну және (немесе) оларды жасау туралы шешім қабылдау.

98. Жалғыз акционердің АҚ туралы Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген жағдайларда жасалуында мүдделілік бар ірі мәміле және (немесе) мәміле туралы шешім қабылдауы оларды жасауды ұсынған лауазымды тұлғаны немесе ҚТГ органының отырысында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпенен лауазымды тұлғаны, соның ішінде олардың немесе үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) табу мақсатында, егер оларды орындау нәтижесінде ҚТГ-ге шығындар келтірілген жағдайда, жауапкершіліктен босатпайды.

99. Жалғыз акционердің шешімінің негізінде ҚТГ немесе Жалғыз акционер өзінің атынан, егер лауазымды тұлға жөнсіз әрекет етсе және

(немесе) әрекет етпесе, лауазымды тұлғаға ҚТГ-ге келтірілген шығындарды ҚТГ-ге өтеу туралы, сонымен қатар ҚТГ-ге лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының ҚТГ-ге шығын келтірген, жасалуында мүдделілік бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы (жасауды ұсыну) шешім қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) қайтару туралы талап қоя отырып, сотқа жүгінуге құқылы.

100. Жалғыз акционердің шешімінің негізінде ҚТГ немесе Жалғыз акционер өзінің атынан, егер мұндай мәмілені жасау және (немесе) жүзеге асыру кезінде ҚТГ-нің аталған лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісімнің негізінде Заңнаманы, Жарғының және ҚТГ ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, ҚТГ лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға ҚТГ үшінші тұлғамен жасаған мәміленің нәтижесінде ҚТГ-ге келтірілген шығындарды ҚТГ-ге өтеу туралы талап қоя отырып, сотқа жүгінуге құқылы.

Жалғыз акционердің шешімінің негізінде ҚТГ-нің немесе Жалғыз акционердің өзінің атынан сотқа жүгіну тәртібі АҚ туралы Заңның ережелерімен және Заңнамамен белгіленеді.

101. Меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүддесіне қарсы қылмыс жасағаны үшін сотпен кінәлі деп танылған, сонымен қатар көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздемелер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босталыған ҚТГ-нің лауазымды тұлғалары соттылықты өтеген не болмаса заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынған не болмаса қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап бес жыл ішінде ҚТГ лауазымды тұлғасының міндеттерін орындай алмайды.

102. Егер ҚТГ қаржы есептілігі ҚТГ қаржы жағдайын бұрмаласа, ҚТГ аталған қаржы есептілігіне қол қойған ҚТГ лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық шығын келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауапкершілік арқалайды.

103. Мемлекеттік қызметші болып табылатын және лауазымды міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын Қоғамның лауазымды тұлғаларына сыйақы мен өтемақы төленбейді.

16-БАП. ҚТГ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ

104. ҚТГ-ның қаржылық жылы күнтізбелік жыл болып табылады (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда).

ҚТГ-ның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.

105. ҚТГ Басқармасы жыл сайын аудиті аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген ҚТГ-ның өткен жылдың жылдық жеке қаржылық есептілігін және шоғырландырылған

жылдық біріктірілген қаржылық есептілігін Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін ұсынады. Баскарма Жалғыз акционерге қаржылық есептіліктен басқа аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хат) қоса алғанда аудиторлық есепті ұсынады.

106. Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік Директорлар кеңесімен оны Жалғыз акционерге ұсынғанға дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітілуге тиіс.

ҚТГ-ның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді ҚТГ-ның Жалғыз акционері жүргізеді.

107. ҚТГ-ның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі Заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланады.

ҚТГ жыл сайын уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде жылдық бухгалтерлік теңгерімді, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, акшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есепті және кірістер мен шығыстар туралы есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті. ҚТГ өзге де қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.

Оны жасасуда мүделілік бар ірі мәмле және (немесе) мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады. Оның нәтижесінде ҚТГ-ның активтері мөлшерінен он және одан артық пайыз сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәмле туралы ақпарат мәмлелер жақтары, мәмлелер мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалар үлесінің сипаттамсы мен көлемі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

108. ҚТГ шоғырландырылған жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

109. ҚТГ-ның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша ҚТГ есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл орайда Жалғыз акционер аудитор ұйымды өздігінше белгілеуге құқылы. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда ҚТГ аудитор ұйым сұрайтын барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

ҚТГ Басқармасы ҚТГ аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

17-БАП. ҚТГ АҚПАРАТЫН АШУ. ҚТГ ҚҰЖАТТАРЫ

110. ҚТГ өзінің қызметі туралы ақпаратты ҚТГ-ның WEB-сайтында (www.kaztransgaz.kz) және (немесе) бағалы қағаздар нарығын реттеуді және оларға бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның заңнамасына және нормативтік құқықтық актісіне сәйкес кезеңді баспасөз басылымында жариялайды.

ҚТГ шоғырландырылған жылдық есебін ҚТГ-ның WEB-сайтында оны Жалғыз акционер бекіткен күннен кейін 10 күннің ішінде (www.kaztransgaz.kz) орналастырады.

ҚТГ Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына дейін Заңмен айқындалған корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

ҚТГ Интернет-ресурста Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитариін, корпоративтік оқиғалар, ҚТГ-ның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі және бағалы қағаздар нарығын реттеуді және оларға бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде аудиторлық есептер туралы ақпаратты орналастыруды қамтамсыз етеді.

Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат ұсыну Заңға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен ақпаратты жариялау (Жалғыз акционердің назарына дейін жеткізу) мерзімдері көзделмеген болса, аталған ақпарат ол пайда болған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде жарияланады (Жалғыз акционердің назарына дейін жеткізіледі).

Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша азаматтық іс жөніндегі тиісті сот хабарламасы (шақыруын) алынған күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде Жалғыз акционерге ұсынылуы тиіс.

111. Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын ҚТГ-ның қызметі туралы ақпаратты беру Заңға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Оған ақпарат немесе Жарғының осы бабында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін беру туралы Жалғыз акционердің сұрауы бойынша ҚТГ егер сауалда өзге мерзімдер белгіленбеген болса, сауал алынған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей оларды өтінім берушіге белгіленген тәртіппен беруге міндетті.

Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараты бар ҚТГ-ның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға салу және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар Жалғыз акционерге оның талабы бойынша танысуға ұсынылуы тиіс.

ҚТГ қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты білетін ҚТГ қызметкерлері тізімінің міндетті түрде жүргізілуін қамтамсыз етеді.

112. Оның қызметіне қатысты ҚТГ-ның құжаттары ҚТГ Басқармасының орналасқан жері бойынша немесе ҚТГ басқармасының шешімі бойынша оның қызметінің бүкіл мерзімінің ішінде ҚТГда сақталуға жатады.

Заңының 80-бабында көрсетілген құжаттар сақталуға жатады.

113. Жарғының 106-тармағында көрсетілмеген өзге де құжаттар, оның ішінде ҚТГ-ның қаржылық есептілігі Заңнамаға сәйкес белгіленген мерзімнің ішінде сақталады.

114. Жалғыз акционердің талабы бойынша ҚТГ оған Заңмен және Жарғымен көзделген құжаттардың көшірмесін беруге міндетті. Жалғыз акционерге белгілі болған «Құпия», «Қызметтік пайдалану үшін» деген белгісі бар ҚТГ-ның қызметі туралы ақпараттардың құзыреттілік мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда үшінші тұлғаларға жазбаша түрде немесе өзге де нысанда берілуі мүмкін. Құпия ақпаратты өзге тұлғаларға ашу ҚТГ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) келісімімен ғана мүмкін болады.

115. ҚТГ осы тұлғалар ұсынатын мәліметтердің негізінде өз қосылма үлестес тұлғаларын есепке алуды жүргізеді.

ҚТГ өз қосылма үлестес тұлғаларының тізімін белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар нарығын реттеуді және оларға бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсынады.

116. Жалғыз акционер немесе ҚТГ-ның лауазымды тұлғалары ҚТГ-ға қосылма үлестену туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде өзінің қосылма үлестес тұлғалары туралы мәліметті ұсынады.

Егер бұрын Жалғыз акционер немесе ҚТГ-ның лауазымды тұлғасы деп көрсетілген қосылма үлестес тұлға ретінде өзінің жұмысын тоқтатса Жалғыз акционер немесе ҚТГ-ның лауазымды тұлғасы осы туралы ҚТГ-ды бес жұмыс күнінің ішінде хабардар етеді.

Қосылма үлестес тұлғалар туралы ақпарат ҚТГ-ға бағалы қағаздар нарығын реттеуді және оларға бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті талаптарды орындауына мүмкіндік беретін көлемде ҚТГ-мен ұсынылады.

18-БАП. ҚТГ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

117. ҚТГ-ның меншігін және оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

19-БАП. ҚТГ-НЫ АЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖОЮ

118. Жалғыз акционердің не Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де негіздерде ҚТГ қайта ұйымдастырылуы және жойылуы мүмкін.

ҚТГ-ды қайта ұйымдастыру және жою тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

20-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

119. Егер Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз деп танылса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсерін тигізбейді. Жарамсыз ереже құқықтық қатынасқа мағынасы бойынша жақын және жауап беретін басқасымен ауыстырылады.

120. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**

A handwritten signature in blue ink, consisting of a large loop followed by a series of smaller loops and a horizontal line.

С. Сұлтанғали

УТВЕРЖДЕН

решением Единственного акционера
АО «КазТрансГаз»

(протокол заседания Совета директоров
АО НК «КазМунайГаз» № 6/2013
от 15 апреля 2013 года

У С Т А В
акционерного общества
«КазТрансГаз»

г. Астана, 2013 год

СТАТЬЯ 1. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС

1. Акционерное общество «КазТрансГаз» (далее – КТГ) является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан, входит в группу акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее – Фонд) в соответствии с Законом Республики Казахстан «О Фонде национального благосостояния» (далее – Закон о Фонде) и осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом о Фонде, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее – Закон) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан (именуемые далее – Законодательство), а также настоящим Уставом (далее – Устав) и Кодексом корпоративного управления КТГ.

2. КТГ обладает статусом юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции.

3. Финансовая и производственная деятельность КТГ осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

4. КТГ имеет самостоятельный баланс, банковские счета, печать с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках.

5. КТГ имеет свой товарный знак и может иметь иную символику, образцы которых утверждаются Правлением КТГ и регистрируются в установленном порядке, а также штампы на государственном, русском языках, фирменные бланки и другие реквизиты.

СТАТЬЯ 2. НАИМЕНОВАНИЕ, МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ И СРОК ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КТГ

6. Наименование КТГ:

полное наименование на государственном языке – «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы, сокращенное – «ҚазТрансГаз» АҚ;

полное наименование на русском языке – акционерное общество «КазТрансГаз», сокращенное - АО «КазТрансГаз»;

полное наименование на английском языке – «KazTransGas» joint stock company, сокращенное – «KazTransGas» JSC.

7. Место нахождения КТГ (его Правления): 010000, Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, ул. Кунаева, дом 12/1.

8. Срок деятельности КТГ – не ограничен.

СТАТЬЯ 3. УЧРЕДИТЕЛЬ И ЕДИНСТВЕННЫЙ АКЦИОНЕР КТГ

9. Единственным акционером КТГ является акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз» (далее – Единственный акционер).

СТАТЬЯ 4. УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ КТГ

10. Настоящий Устав является учредительным документом КТГ.

11. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с Уставом.

СТАТЬЯ 5. ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КТГ

12. Цель КТГ – получение чистого дохода в ходе осуществления самостоятельной хозяйственной деятельности.

13. Предметом деятельности КТГ являются:

1) услуги по транспортировке газа, включая транспортировку газа трубопроводным, морским и железнодорожным транспортом;

2) разработка и внедрение новых технологий;

3) проведение маркетинговых исследований рынков сбыта углеводородного сырья и продуктов его переработки;

4) участие в разработке и выполнении государственных и национальных программ развития газового сектора;

5) поддержка и участие в программах, направленных на обучение, переподготовку и повышение квалификации отечественных кадров;

6) проведение переговоров и заключение договоров по вопросам транспортировки газа и другим операциям;

7) купля-продажа газа на внешнем и внутреннем рынках;

8) осуществление проектирования, финансирования, строительства, владения и эксплуатации трубопроводной системы на территории Республики Казахстан и за ее пределами, включая объекты по хранению, погрузке и перевалке на другие виды транспорта, по которому осуществляется транспортировка газа в целях его реализации;

9) осуществление научно-технической, производственно-хозяйственной и внешнеэкономической деятельности;

10) оказание консалтинговых и технических услуг по подготовке и разработке газовых проектов;

11) производство, передача и распределение электрической и тепловой энергии;

12) проектирование, строительство и эксплуатация промышленных взрывопожароопасных и горных производств, электрических сетей и подстанций, гидротехнических сооружений, магистральных газо-нефтепродуктопроводов, подъемных сооружений, а также котлов, сосудов и трубопроводов, работающих под давлением и буровые работы на нефть и газ;

